НС ГЗ
НЮС
Белгісінен
Тәркілемен
11.04.2025ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 25 желтоқсан дело №7119-24-00-2/15782 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№1 талап бойынша

2024 жылдың 11 қазанда «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында № 650 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер бүгілмелі білік және спидометр жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 2 059 680 теңгеге тауарды келісім-шартқа қол қойғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Атап айтқанда тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 29 қазанға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарттар біржақты 2024 жылғы 03 желтоқсанда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2024 жылғы 03 желтоқсанда бұзды.

Ескеретін жайт, жауапкер қарсы пікір сотқа бермеді, бірақ оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарау барысында 2024 жылғы 2 желтоқсанда сот кабинеті арқылы тиісті түрде жеткізілген.

Істің мұндай жағдайында, «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жеткізіп беруші тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық өтейді.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес:

Шарты бойынша тауарды жеткізу уақытының мерзімін өткізіп алу талап қою арызы бойынша 21 күнді құрайды, 2 059 680 теңге х 0,1% х 21 күн = 43 260 теңге.

Сондықтан, жауапкерден шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1 846 теңге және 1 298 теңге мемлекет пайдасына жауапкерден өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Жетибаев Ж. К., 28.03.2025

7119-24-3-1/15258

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 43 260 (қырық үш мың екі жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 298 (бір мың екі жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Nova1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Жетибаев Ж. К., 28.03.2025

7119-24-3-1/15258